

Анықтама




2025 жылғы қыркүйек айының 30 күні, 5 «В» сыныбында «Ыстық тамақтанудың пайдасы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға дұрыс және уақытылы тамақтанудың адам ағзасына тигізетін әсері жайлы мағлұмат беру, ыстық тамақтың пайдасын түсіндіру, күнделікті өмірде дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру және салауатты өмір салтына баулу.

Сабак барысында оқушылар:

- Тамақтану режимінің негізгі принциптерімен;
- Таңғы, түскі, кешкі ас ішудің маңызымен;
- Ыстық тамақтың ас қорыту жүйесіне оң әсерімен;
- Витаминдер мен пайдалы заттардың қай тағамдарда кездесетінімен;
- Мектеп асханасындағы тәртіп сақтау, тазалықты ұстану және мәдениеттілік туралы толық ақпарат алды.

Сынып сағаты интерактивті форматта өтті. Оқушылар арасында сұрақ-жауап, пікір алмасу, шағын топтық жұмыс ұйымдастырылды. Сонымен қатар, бейнематериал көрсетіліп, талдау жүргізілді.

Іс-шара оқушылардың қызығушылығын тудырды, балалар белсенді қатысып, өз ой-пікірлерін еркін білдірді. Тақырыпты тереңірек түсініп, денсаулыққа пайдалы әдеттерді қалыптастырудың маңыздылығын ұғынды. Сынып сағаты мақсатына толықтай жетті.



Әлеуметтік педагог

Г.А.Ақнияз